

#### Литература:

1. Inhelder, B., & Piaget, J. (1958). The growth of logical thinking from childhood to adolescence. New York: Basic Books.
2. [https://methodological\\_terms.academic.ru/1035/%D0%9D%D0%90%D0%93%D0%9B%D0%AF%D0%94%D0%9D%D0%9E%D0%A1%D0%A2%D0%AC](https://methodological_terms.academic.ru/1035/%D0%9D%D0%90%D0%93%D0%9B%D0%AF%D0%94%D0%9D%D0%9E%D0%A1%D0%A2%D0%AC)
3. <https://jytv.kz/en/news/society/8090-learning-kazakh-language-through-books-and-animated-films>
4. <https://www.fluentu.com/blog/educator-english/authentic-materials-for-teaching-english/>
5. Allan M (1985) Teaching English with Video London: Longman

**Искакова А.Б.**, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, педагогика факультеті, МДОЖТ-33с тобы, студент  
(*Ғылыми жетекші - п.ғ.к., қауымдастырылған профессор Бельгибаева Г.Қ.*)

### **ӘМЕН ҚАЙДАРОВ МУЛЬТИПЛИКАЦИЯСЫНЫҢ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АДАМГЕРШІЛІК КӨЗҚАРАСТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЫҚПАЛЫ**

Бала болашағымыз десек, сол балаға жүйелі тәрбие беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет-қасиеттерін дамытуды отбасынан және балабақшадан бастауымыз керек. Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа дамыту технологияларын шығаруға ұмтылуы.

Адамның жеке басының қалыптасуы ерте балалық шақтан басталады, балалардың балдырған шақтан дамуына әсер етудің негізгі де пәрменді құралдарының бірі – мультфильм. Соңғы жылдары еліміздің телеарналарында отандық және шетелдік, негізінен Америка Құрама штаттарында шығарылған алуан түрлі мультфильмдер пайда болды. Отандық телевидениеде шетелдік мультфильмдердің басым болуы олардың жас ұрпақтың психикасының дамуы мен қалыптасуына ықпалы туралы ойлануға жетелейді.

«Балалар мен теледидар» мәселесі ұлт болашағына алаңдайтындардың барлығын: ата-ананы да, педагогтарды да, дәрігерлерді де алаңдатады. Бүгінгі таңда балалар үшін теледидар ойыншық немесе кітап сияқты нәрсеге айналды. Теледидар баланың жан дүниесі мен санасы қалыптасуына ықпал жасайды, болашақ тұлғаның талғамы мен дүниеге көзқарасын тәрбиелейді. Кәмелетке жетпеген сәбидің ішкі әлемі қалыптасып бітпегендіктен, оның қалыптасуында ересектерден алатын барлық үлгі-өнеге маңызды рөл атқарады: ойындар, ертегілер, бірлескен іс-әрекеттер, соның ішінде мультфильмдер көптеп қамтылатын телебағдарламалар. Олар тек бос уақытты өткізудің тәсілі ғана емес, сонымен қатар білім беру құралы. Әсіресе, мектеп жасына дейінгі балалар үшін мультфильмдер тәрбиенің негізгі құралы болып табылады.

«Мультфильм» түсінігі бейнелеу өнері мен иллюстрацияның әртүрлі нысандарына негізделген, синтездік өнім десек ет болады. Жалпы, аталған термин әртүрлі мағынаға ие.

Ата-аналар алғашқыда мән бермегенімен, ерте ме, кеш пе балаларына мультфильмдердің тигізетін әсері туралы ойлайды. Қазіргі мультфильм өнімдерінің көпшілігі зиянсыз емес, зер салып қарасақ, отандық байырғы мультфильмдер мен шет елдерден келетін жаңа мультфильмдерден үлкен айырмашылық байқап жатамыз.

Психолог ғалымдардың көпшілігі балаларға арналған мультфильмдер кейіпкерлері сәбилерге қатты әсер ететінін атап көрсетіп, олар өте тиімді білім беру құралы деп санайды. Экрандардағы кейіпкерлер белгілі бір жағдайда өзін қалай ұстау керектігін көрсете отырып, балалардың қиялына белсенді ықпал жасайды. Балалар көбінесе ата-анасына және мультфильм кейіпкерлерінің мінез-құлқы мен сөйлеу мәнеріне еліктейді.

Мультфильмдер баланың жеке басының қалыптасуына әсер етеді. Сондықтан, кейінгі кездері бұқаралық ақпарат құралдарында көптеген пікірталастар көрініс беруде. Онда психологтар мен мұғалімдер заманауи мультфильмдердің балалар психикасына әсері туралы дауласады. Ата-аналар, мұғалімдер, психологтар жиі қоятын сұрақ: қазіргі мультфильмдер қауіпті ме? Жарқын, әсерлі, бейнелі, қарапайым мультфильмдер ізгілік пен адамгершілік мақсатты ұстанса, баланы дамыту, білім беру мүмкіндіктері зор, мазмұны халық ертегілері мен ойынына, адамдар арасындағы «тірі» қарым-қатынасқа жақын. Мультфильм кейіпкерлері балаға қоршаған әлеммен қарым-қатынас жасаудың әртүрлі тәсілдерін көрсетеді. Олар жақсылық пен жамандық туралы идеяларды, жақсы және жаман мінез-құлық стандарттарын қалыптастырады. Мультфильмде болып жатқан оқиғалар баланың қиялын дамытуға, ойлау мүмкіндігін жетілдіруге, дүниетанымын

калыптастыруға мүмкіндік береді. Осылайша, мультфильм баланы тәрбиелеудің тиімді құралы болып табылады [1].

Осы тақырыптың аясында біз тарихқа үңілетін болсақ, мынадай тарихи негіздерге тап боламыз. Өнердегі барлық құбылыстар белгілі бір тұлғалардың есімдерімен байланысты. Қазақ мультфильмінің жолы болды: бізде бұл идеяға әуес адам қарағандылық майдангер-суретші Әмен Қайдаров еді. Ол – Қазақстандағы мультипликациондық кино өнерінің іргетасын қалаушы бірегей тұлға.

1960-1970 жылдары қазақ анимациясы Әмен Әбжанұлының арқасында Қазақстанда ғана емес, бүкіл Кеңес Одағында атақ пен даңққа ие болды. Орталық Азия республикаларының аниматорлары мультфильм жасау өнерін үйрену үшін Қазақстанға келді. Мұнда Тамара Мұқанованың Алтай анимациясы тұсауын кесті, алғашқы қырғыз мультфильмі жарық көрді [2].

Ә.Қайдаров жер бетіндегі өзінің соңғы сағатына дейін Ұлттық Өнер академиясында аниматорлар дайындады. Ол «Құйыршық» картинасын шәкірттерімен бірге жасаған кезде 86 жаста еді. Әмен Қайдаровтың ғана емес, жалпы қазақ анимациясының алғашқы картинасы – «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» 1966 жылы пайда болғанда, КСРО көлемінде сенсация тудырды. Бүкілодақтық кинофестивальда ол екінші жүлдені, Нью-Йорктегі мультфильмдер фестивалында – «Қола Праксиноскопты» иеленді. Фильмді 48 ел сатып алды, жақсы прокатқа ие болып, үлкен пайды түсірді [3].

1978 жылы Әмен Әбжанұлы бастаған мультипликаторлар тобы Қазақстанның Ленин комсомолы сыйлығымен марапатталды. Көңілді және оптимистік қазақ анимациясының әкесі, сырттан қарағанда сылбырлау болып көрінетін, меланхолиялық мінезді Әмен Қайдаров «Ақсақ құлан», «Құйыршық», «Қожанасыр – құрылысшы», «Қырық өтірік» тәрізді керемет картиналар сериясы үшін 1980 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

Алматы көркемсурет училищесін бітірген 5 суретші – Галина Дусенко, Еркін Сұлтанбеков, Эрнст Байсейітов, Борис Калистратов және Флобер Мұқанов ұстаздары Әмен Қайдаровтың ұсынысын жастық ықыласпен және ынта-жігермен қабылдайды. Оларға «Қазақфильм» киностудиясы мен республиканың мемлекеттік кино мекемесінің басшылығы үлкен қолдау көрсетеді.

1966 жылы сәуірде Әмен Қайдаров бастаған топ түрлі-түсті бөліктерден тұратын графикалық мультфильм жасауға кірісті. Ұзамай «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» атты мультипликациондық фильм жарыққа шықты.

Сценарий авторы, режиссер және кескіндеме суретшісі Әмен Әбжанұлы бәрін нөлден бастауға мәжбүр болды. Өндірістік база мен кәсіби маман кадрлар мүлде жоқ еді. Бұрын-соңды кино саласында жұмыс істемеген суретшілер алғаш рет көркем мультфильм жасаудың күрделі және көп уақытты қажет ететін техникасына тап болды. Жұмыс өте баяу жүрді.

Мультипликатор суретшілер, фазашылар, контуршылар мен суретшілер целлулоидты бояуға дейін жұмыстың барлық кезеңдерін өздері жасады.

Фильм жасау жұмысын ұйымдастыру барысындағы қиындықтар, таза өндірістік проблемалар шығармашылыққа көп кедергі жасады. Өндірістік қажеттілікке байланысты Әмен Әбжанұлы режиссердің ғана емес, сонымен қатар мультипликаторлар тобының директоры және әкімшісі міндеттерін қоса атқаруға мәжбүр болды.

Жаңа істі бастаған мультипликаторларға ұстаздық жасаушының өзі дебютант еді. Жас суретшілер жұмысты әліппеден бастады – қарапайым көп қозғалысты игеруге қадам жасап, бейнелеу өнерінің әдеттегі заңдары мен принциптерін шыдамдылықпен және табандылықпен үйреніп, уақыт пен кеңістікті шарлауды меңгерді. Техника мен технология қарыштап дамыған қазіргі кездің өзінде кинематографиялық сахнаның ұзақтығы мен қозғалысын болжау үлкен кәсіби шеберлік пен тәжірибені қажет етеді. Ол тұста бәрі қолмен жасалатын. «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» фильмі ұзақ уақыт жасалып, ыждағаттылықпен монтаждалып, тек 1967 жылдың тамызында ғана аяқталды.

Картинаның негізінде бір кездері адам өмірін сақтап қалған халықтың сүйікті Қарлығаш құсы туралы аңыз жатыр. Қазақ мультфильмінің тарихы міне осыдан басталады. Қарлығаш құстың бейнесі қазақ мультфильмінің эмблемасына айналды. Ұлттық фильм алғашқы суреттерімен-ақ, белгілі бір мағнада, республикадағы анимациялық туындылардың алдағы жылдарға арналған даму бағытын айқындайтын бағдарламалық шығарма болды десек, ақиқаттан ауытқымаймыз.

Бірқатар тарихи, әлеуметтік-діни себептердің ықпалы бойынша кеңестік билік орнағанға дейінгі Қазақстанда жанды нәрсені бейнелеу, портрет жазу өнері кең дамымаған еді.

«Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» соның есесін толтырды. Осы мультфильмінен бейненің шартты түрлері керемет қайталанбас және ұлттық формаларға ие болғандығын көре аламыз.

«Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» мультфильмнің философиялық тағы бір мәнісі халықтық ою-өрнектің сұлулығында және оның орынды пайдаланылуында. Онда симметрия заңдары басым. Дүние жүзінің денсаулық сақтау ұйымы тәрізді әлемдік беделді құрылымның өзі мультфильмде көрсетілетін кілем оюындағы кескіндемелер көрерменге оңды эмоционалды әсер ететінін атап көрсетеді. Мұнда тек өрнектердің конфигурациясы мен жалпы композициясы ғана емес, сонымен қатар, олар ерекше мәнге ие болса да, сонымен қатар таза, «қоңырау» түстердің арақатынасы, сырмақтардың айқын контрастты графикасынан бастап текеметтердің нәзік бұлыңғырлығы мен жеңіл кескіндемесіне дейін қол жеткізіледі. Киізден жасалған кілемдердің ою-өрнектері кейде бірдей, кейде әр алуан. Бірақ, ондағы колористикалық шешімдер автордың ізгі мақсат ұстанғанын, картинада адамгершілік мұраттың ерекше айқын басымдылығын көрсетеді.

«Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» фильмінде мынандай көрініс бар: нәресте сырмақ үстіндегі бесікте ұйықтап жатады. Камера балаға жақындаған сайын көрерменді қауіп жақындағанын сезінген мазасыздық билейді. Бұл көңіл-күй ою-өрнектің қанқызыл түсімен айқындала түседі. Өкінішке орай, көрермен текке мазасызданбаған екен: маса баланы шағып алады. Нәресте қанының тамшысынан масаның ыдысындағы өлі балық өмірге келеді – бұл адамның қаны айдаһарды емдейтін жалғыз дәрі екенін білдіреді.

Бұл эпизодта ою-өрнектің адамға әсер ететін эмоционалды күші қолданылады. Жалпы, «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» фильмінде сюжетті ширату, оқиғаны дамыту, шарықтау шегіне жеткізу мақсатымен картиналарды бейнелеу жүйесінде ұлттық ою-өрнекті қолдану принципіне айқын басымдық беріледі. Оқиға құбылып, өзгерген сайын олар да түрленеді. Сондай-ақ, таспада Орталық Азия кілемдерінің, миниатюралары мен ою-өрнектері пластикалық стилінің элементтері шығармашылықпен дамиды.

Мультфильмдер зерттеушісі Семен Гинсбург халық ертегісі мен мультфильмнің туыстық байланысы туралы жазды. Бірақ, ол шығарманың көркемдік құндылықтарына көбірек тоқталады. Заманауи графикалық мультфильмдерде және шығыс миниатюрасында кеңістік пен түс-тональды атмосфераны ұйымдастырудың ұқсас көркемдік принциптері туралы ой толғайды. Бұл мектеп жасына дейінгі балалардың түсінігіне ауыр пікірлер.

Мектеп жасына дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің үлгілік бағдарламасында Әмен Әбжанұлының осы «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» мультфильмі «Көркем әдебиет» пәнінің бағдарламасына енгізілген. Бұл нақты осы мультфильм қазақ балаларының рухани әлеміне әсер етудің және жандандырудың бірден бір таптырмас құралына айналғанын көрсетеді [4].

Әмен Қайдаровтың тағы керемет туындысы «Ақсақ құлан» 1968 жылы көгілдір экранға жол тартты. Мультфильм қазақтардың ең танымал және сүйікті музыкалық аспабы – екі ішекті домбыраның пайда болуы туралы аңызды баяндайды. Бұл туындысында адамдар мен жануарлар арасындағы қарым-қатынас, қазіргі тілмен айтқанда экология мәселесі туралы көркем бейнеленген. Режиссер баланы төл халқының өнерімен, адамгершілік көзқарастарымен, мәдениетімен таныстырады, музыкалық аспаптың керемет әуезді үні мектеп жасына дейінгі баланың дарыны ашылуына ықпал етіп, оның бойындағы тұлғалық ерекшеліктері айқындалуына мүмкіндік береді. Жабайы құландар үйірінің айғыры «Ақсақ құлан» атымен мәшһүр. Тіпті қасқырдан да тайсалмайтын (оның бір аяғы нақ осы сұр жыртқыштармен шайқаста зақымданған екен) өжет құлан айғырының ерлігі, қанқұмар аңшыға қарсы ұмтылған сәті мультфильмді көруші баланы ерлікке жігерлендіріп, бойындағы батырлық қасиетті аша түсетіндей. Экранда болған оқиғаның бәрін күй тілінен түсіну мектеп жасына дейінгі баланың ұшқыр қиялы негізінде одан әрі ұшталып, жаңа әңгімелер сюжеті өрістеуіне немесе өнер туындысының жаңа қырынан тануына ықпал етеді [5].

Мектеп жасына дейінгі баланың ойлауы көрнекі-бейнелі, сондықтан, кейбір жағдайларды суреттеу үшін мультфильм жанры ең қолайлы құрал болып табылады. Мультфильм – өнер мен медиа ортаның ең тиімді тәрбие беру құралы, өйткені ол сөз бен суретті біріктіреді, яғни қабылдаудың екі мүшесін – көруді және естуді қамтиды. Егер сіз бұған баламен бірге көргендеріңізді талдауды қоссаңыз, мультфильм күшті білім беру құралы және беделді және тиімді көрнекі материалдардың бірі болады.

Қазақ анимациясының атасы Әмен Қайдаровтың туғанына биыл 100 жыл болады. Қазақ қоғамы үшін осындай мүмкіндікке жол ашқан, ең пәрменді тәрбие және білім беру құралын жасаудың бастауында тұрған қайталанбас тұлға.

### Әдебиетгер:

1. Хайдаров Амен «Становление казахской мультипликации» — Статья в книге-сборнике: Асенин С. Мудрость вымысла. Мастера мультипликации о себе и своём искусстве. М. Искусство.-1983.- 207с.
2. Қазақстан энциклопедиясы. Алматы, 2017.
3. Государственная детская библиотека им. С. Бегалина | Хайдаров Амен (1923 г.).- 36 с.
4. <http://www.izvestia.kz/node/6911>
5. <http://www.tarih-begalinka.kz/kk/history/independent/figures/haydarov/>

**Канаят Г.Қ.**, Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, факультет иностранных языков, гр. КА-37, студент  
(*Научный руководитель – старший преподаватель кафедры теории и методики иноязычной подготовки Рахимбаева Б.Т.*)

## КАКИЕ УЧИТЕЛЯ НУЖНЫ СЕГОДНЯ В ШКОЛАХ? – ГЛАЗАМИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ

Учитель – эталон, с которого берут пример ученики. Первый учитель казахской степи Ы. Алтынсарин высоко оценивал роль учителя, отмечая: “Для меня хороший учитель важнее всех, потому что учитель — это сердце школы”. Поэтому важно, чтобы каждая школа в Казахстане имела профессиональных и компетентных учителей, так как уровень обучения в любой школе напрямую зависит от уровня подготовки учителей.

В настоящее время происходят ряд изменений в системе образования, которые указывают на большую значимость нашей профессии и делает профессию педагога более привлекательной для выпускников школ. Главой государства был подписан закон «О статусе педагога», благодаря которому произошли кардинальные изменения - повышение зарплаты, установление доплат, освобождение от несвойственных функций, освобождение от сдачи НКТ педагогов с 30-летним стажем и присвоение почётного знака учителям с опытом работы от 25 лет и многое другое [1]. С повышением престижа казахстанских учителей, повысились и требования к учителям. То есть, владения знаниями в сфере своей деятельности недостаточно для того, чтобы стать учителем в современных школах. И как мы можем определить, является ли кто-то высококвалифицированным учителем или нет? И какими качествами должен обладать хороший учитель? Целью данного исследования является определение личностных и профессиональных качеств учителя, значимых для эффективного осуществления трудовых функций.

Изучая влияние личности учителя в школьное воспитание и обучение, необходимо было определить факторы, снижающие эффективность учебно-воспитательной работы. Опираясь на богатый опыт советских учителей, психологи ГДР исследовали три круга проблем личности учителя и его деятельности:

- а) эффективность деятельности учителя;
- б) становление педагогического мастерства;
- в) взаимоотношение учителей и учеников, проблемы стиля руководства.

Анализируя результаты диссертационных исследований Клинкера и Шоперама, мы узнали, что у учителей, работающих менее эффективно, чаще отмечались: призывы к концентрации внимания и участию в работе и это является одной из проблем стиля руководства над учениками в педагогическом процессе. То есть, передовые учителя значимо отличались от менее эффективно работающих учителей требованиями от учеников высоких результатов за счет совместной работы и дисциплины, а не постоянными призывами к вниманию [2].

Современная система аттестации казахстанских учителей выделяет 5 квалификационных категорий, учитывая уровень сформированности педагогического мастерства [3]:

- 1) педагог-стажер;
- 2) педагог;
- 3) педагог-модератор;
- 4) педагог-эксперт;
- 5) педагог-исследователь;
- б) педагог-мастер.